еш өзгермейтінін, бар қызығы бақ дүниенің соңына түскенін бай-қауға болады. Еріктің әр ісі табиғат заңдылықтарына қарама-қар-сы болды. Себебі „Алтын көрсе, періште жолдан тайды" дегендей бар өмірін тек байлықпен байланыстырды. Шығармадағы өзі де „будан" тұқымға жататын ұлының қанағатсыз тірлігін жалғастыр-маған шешесі Нұрке кемпірдің „жат жұрттың ешқашан жарыт-қан да, жерсінген де емес, бүгін басын берсе, ертең уын ұсынады..." деген ескертулері еленбей, ақырында кемпірдің ажалы да сол ше-телдік арамдардан келген. Жоғарыда айтып өткеніміздей, туынды-дағы тұғырлы үш арнаның бірі - сұлулық пен әдемілік, жастық шақтың қас-қағымдай жарқын сәттерінің белгісі, ізгілік пен қа-йырымдылық, сезім мен махаббат қуаты Айна образы арқылы бей-неленсе, Ерік - өмірде өзін таба алмаған пенде. Мұндай дүниеқоңыз адамдар қазір де кездесетіні шындық. Тек ішсем, жесем деп ойлай-тын, байлықты ғана көксейтін адамдар қоғамды басып ала ма деп қауіптенемін. Себебі, бұл - адамның рухани жағынан азуы. Менің ойымша, бұл отбасындағы құндылықтардың төмендігінен, тәрбиенің құлдырауынан және материалдық құндылықтарды бірін-ші орынға қоюынан деп түсінуіміз керек.

Қорыта айтқанда, дүниеқоңыздық, ашкөзділік адамды жарға жығады, берік мақсаты болмаса, адасушылыққа желеді. „Ел болам десем, бесігіңді түзе" демекші, адамның рухани өсуі, өмірге көзқара-сы, адамгершілік қасиеттер, мейірімділік жанашырлық отбасында-ғы тәрбие арқылы қалыптасады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ